



БҰЙРЫҚ 5249

ПРИКАЗ

« 29 » 08 2024 жыл

№ _____

Кызылорда қаласы

город Кызылорда

**Жалпы білім беретін мектептердегі білім
алушылардың жекелеген санаттарына
тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына 10-қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 10 қарашадағы № 993 қаулысы 2 тарау 3/2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымында болған кезеңде бір рет тамақтандыруды ұйымдастыруға 2024-2025 оқу жылында әлеуметтік аз қамтылған білім алушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1-11 сыныптар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына 10-қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде 2024 – 2025 оқу жылы 279 білім алушы ыстық тамақпен қамтылсын. (қосымша тізім тіркелсін)
2. Тамақтану сапасын және ұйымдастыруын бақылау жүргізу жөнінде төмендегі құрамда комиссия мүшелері тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына мониторинг жүргізілсін.
3. 2024 жылдың 01 қыркүйек айынан бастап әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың тегін тамақпен қамтылуы қалалық білім бөліміне қарасты «№282 мектеп-лицейі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 29.01.2024 жылғы ЖК « Мадельханова » директоры Мадельханова Күнімханға міндеттелсін.

4. Перспективалық (2 апталық) ас мәзірінің және тағамдар ассортиментінің тізбесі қалалық тұтынушылар құқықтарын қорғау басқармасымен бекітіліп, ауыз су, дайын тағам өнімдер сапасының және мектеп асханасындағы I-II ауысымдағы оқушылардың тамақтануы кезіндегі санитарлық ережелердің сақталуын және асқазан, бауыр және басқа маңызды органдардың күрделі ауруына алып келетін коммерциялық сусындарды, тез дайындалатын тамақтарды (гамбургер, хот-дог, чипсы, сағыздар және т.б.) сатуға тиым салынып, өнімдердің қауіпсіздігін растайтын құжаттардың (сертификат, ветеринарлық анықтамасы) болуын қадағалау, тегін тамақтың сапасын, санитарлық гигиеналық талаптарын бақылау мектеп аяжаны А. Серикболоваға міндеттелсін.

5. Тегін тамаққа тізімге алынған білім алушылардың уақытылы тамаққа баруын қадағалап, оқушылардың толық баруын қамтамасыз ету, дәлелді себептермен сабақта болмаған жағдайда сынып жетекшілерінің ескертуі. Ай сайынғы мәліметті **kundelik.kz** бірдей табель және сабақтан қалғанын дәлелдейтін анықтамаларын өткізу сынып жетекшілерге тапсырылсын.

6. Оқушылардың ыстық тамақпен уақытылы, сапалы түрде қамтамасыз етілуін ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Кульмурзаева жүктелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзімде қалдырамын.

Мектеп директоры:



Б.Баймагамбетова